

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**G•GLOBAL**

Х Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ӘЛЕУЕТТІ МҮМКІНДІКТЕР НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ  
ӘРТАРАПТАНДЫРУЫН ЖЕДЕЛДЕТУ»**

жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**I БӨЛІМ**

15 маусым 2017ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых

**«УСКОРЕНИЕ ДИВЕРСИФИКАЦИИ И ПОВЫШЕНИЕ  
КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ  
КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ПОТЕНЦИАЛЬНЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ»**

под эгидой X Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ I**

15 июня 2017г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars

**«ACCELERATING DIVERSIFICATION AND IMPROVING THE  
COMPETITIVENESS OF KAZAKHSTAN'S NATIONAL ECONOMY BASED  
ON POTENTIAL OPPORTUNITIES»**

in the framework of the X Astana Economic Forum

**PART I**

15 June 2017

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 330.(063)  
ББК 65.01  
Ә53

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макъш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент Бабланов Т.К.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А., к.э.н., и.о. доцента Мусина К.П.

**Ә53** Әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру және әртараптандыруын жеделдету: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2017.

**Ускорение диверсификации и повышение конкурентоспособности национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2017.

**Proceedings of the international scientific conference of young scholars «Accelerating diversification and improving the competitiveness of Kazakhstan's national economy based on potential opportunities »** Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2017.

ISBN 978-996-31-870-2  
ISBN 978-9965-31-869-6

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында әлеуетті мүмкіндіктер негізінде Қазақстанның ұлттық экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және әртараптандыру жеделдетудің және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы диверсификации национальной экономики Казахстана на основе потенциальных возможностей.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of Kazakhstan's national economy diversification based on potential opportunities and development of recommendations for improving the competitiveness of the country's economy.

ISBN 978-996-31-870-2  
ISBN 978-9965-31-869-6

УДК 330.(063)

- әкімшілік кедергілердің туындау тәуекелін азайту, әділетсіз бәсекелестікті жою, мемлекеттік органдар қызметкерлерінің пара алуын жою мақсатында жемқорлыққа қарсы заңнаманы және де бюрократияландыру бойынша заңдарды жетілдіру қажет. Себебі, бұл мәселе Қазақстанда бизнесті жүргізудің басты кедергілерінің бірі болып саналады. Жемқорлық мәселесін шешуде Сингапур елінің тәжірибесін қолдануды ұсынамыз;

- шағын кәсіпорындарды арзан несиелермен қамтамасыз ету. Шағын кәсіпорындарды ұзақ мерзімді және төменгі пайыздық несиелермен қамтамасыз ету;

- шағын кәсіпорындарды инновациялық дамыту шаралын жүргізу;

- шағын кәсіпкерлікті қолдаудың шетел тәжірибесіне тұрақты түрде зерттеу жүргізіп, Қазақстанға бейімдеу арқылы шағын бизнесті қолдау инфрақұрылымын жетілдіру.

Аталған іс-шараларды жүргізу мемлекеттік басқару органдарының қызметін түбегейлі өзгертіп қана қоймай, кәсіпкерлік қызметті реттейтін заңдарды, нормативтік-құқықтық актілердің түгелін өзгеріске алып келеді. Демек, өзгерістер қысқа мерзім ішінде оң нәтижесін беріп, ел экономикасын көтереді.

#### Әдебиет:

1 Дүниежүзілік экономикалық форумның 2016-2017 жылдардағы жаһандық бәсекеге қабілеттілік жөніндегі есебіндегі Қазақстан / <http://www.nac.gov.kz/upload/iblock/6d8/>.

2 Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік, 2011-2015 жылдар, статистикалық жинағы.- Астана, 2016.

3 «Даму» кәсіпкерлікті дамыту Қоры» акционерлік қоғамының жылдық есебі, 2015.

4 Дүниежүзілік Банктің «Doing Business 2017» рейтингісі <http://www.worldbank.org/>.

5 Малый бизнес в развитых странах – Франции и Китае. <http://malbusiness.com/malyiy-biznes-v-razvityih-stranah-chast3/>

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

### Құралова А.С.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: a\_i\_d\_a\_93@mail.ru

Инновациялық үрдіс өзіне тән ерекшеліктерге байланысты ғылымды, техниканы, өндірісті, кәсіпкерлікті, қаржы секторын, маркетинг және менеджментті біріктіреді. Инновациялық процестің барысында сапалық қатынасындағы әртүрлі міндеттер шешіледі, сондай-ақ айтарлықтай дифференцияланған экономикалық нәтижелерге қол жеткізілуі мүмкін.

Қазақстанның экономиканы нарықтық негізде ұйымдастыруға өтуіне байланысты кәсіпорындардың қызмет жағдайлары түбегейлі өзгеріске ұшырады. Нарықтық жүйенің толық құқылы субъектісі болу үшін, кәсіпорын қаржыландыру көздерін іздестіруді, шағаратын өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алатын тиімді технологияларды таңдап алуды, өткізу нарығын талдауды, жаңа тауар жеткізушілермен байланыс орнатуды және басқа да көптеген, яғни ресурстарды барынша тиімді пайдалану мақсатында «жаңа комбинацияларды» өз бетінше жүзеге асыруы тиіс. Отандық инновациялық қызметті жүргізудің жеткілікті тәжірибесі жоқ. Сол себепті соңғы уақыттарда инновациялық үрдістерді микро және макро деңгейлерде реттеумен, инновациялық қызметті мемлекеттік реттеудің тікелей және жанама әдістерін пайдаланудың тиімділігімен байланысты мәселелер ерекше маңызға ие болып отыр. Бірқатар факторларға байланысты күрделі саяси, экономикалық жағдайларда жүргізіліп отырған тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ету. Қазақстан үшін ағымдағы кезеңдегі өзекті мәселе болып табылады. Республика экономикасында жағымды тенденциялар пайда болып, шаруашылық

байланыстардың үзілуінен, төлемсіздік дағдарысынан, бартерлік тауарайырбастаудың, толлинг операцияларының басымдығынан, отандық өнімдерге деген төлем қабілетті сұраныстың төмендеуінен болған қиындықтар біртіндеп еңсеріліп келеді. Мақсатты бағытталған әрекеттер және тиісті экономикалық жағдайларды жасау, өз кезегінде, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болып табылатын, ғылыми және жоғары технологиялық өнімдерді шығаратын салалардың, республикада дамуына жағдай туғыза алады [1].

XX-ғасырдың орта шенінен бастап бірқатар ғалым экономистердің зерттеу нәтижелері негізінде жаңа инновациялық даму теориясы қалыптаса бастады. Аталған теория немесе инновациялық даму теориясы мемлекеттік және корпоративтік басқару, сонымен қатар қоғамдық өмірдің басқа да салаларында аса маңыздылыққа ие болды. Ұлттық экономиканы дамыту стратегиясының түрлі тәжірибелері бізге мәлім. Қазақстанда негізгі күш табиғи қазба байлықтарын интенсивті игеруге негізделген. Мұндай бағыттың Қазақстан үшін келешекте тек қана пайдалы қазбалардан, яғни шикізаттардан ғана пайда табу қауіпті. Себебі, ертелі-кеш табиғи ресурстар сарқылады. Қазіргі жағдайда экономикасы ғылыми-техникалық прогрестен түсетін пайдаға негізделген немесе бағытталған елдердің мүмкіндіктері мен болашағы зор. Сондықтан-да, шикізатты дамыту стратегиясы біртіндеп ұлттық экономиканың инновациялық типіне өту стратегиясымен толықтырылуы қажеттілік. Ол үшін Қазақстанда мүмкіндіктер жеткілікті дәрежеде. Атап айтқанда: ірі өндірістік және инновациялық әлеует; жоғары білімді тұрғындар қабаты; сыртқы ақпараттар мен капитал көздеріне қол жеткіліктілігі.

Инновациялар ғылыммен, конструкторлық-технологиялық базалармен, нақты сектордағы мекемелермен және т.б. институттар мемлекеттік индустриалды-инновациялық саясатпен өзара қарым-қатынаста технологиялық өрлеудің негізіне айналады. Бұл ғылыми орталықтардың, венчурлық фирмалардың, өндірістердің әлеуетіне де, сонымен бірге Қазақстанның инновациялық жүйесі саясатын құруды жүзеге асыру механизміне де байланысты. Инновация кез келген қоғамның мәдени процесс көрсеткіші статусына ие болып отыр. Инновациялық әлеуеттің өлшемі, қоғамның өмір сүру мүмкіндіктері оның әлеуметтік кеңістікте адамның шығармашылық қызметі, өнімінің тиісті бағасы және осы қызметтің нәтижелерін қабылдау болып табылады. Мұндай жағдайда инновациялық ақиқат пен әлеуметтік жағдайлар мен механизмдерді, қоғамның инновациялық дамуы мен адамды қалыптастыруды реттеуді әлеуметтанулық зерттеу айрықша маңыздылыққа ие болып отыр. Әлеуметтік прогресті талдаудың базалық құрамы болып инновациялық жүйелер, инновациялық процестер, инновациялық қатынастар, сонымен қатар қоғамдық, топтық және жеке инновациялық сана мен қызмет саналады. Инновацияға қарай бетбұрыс – республикамыздың 2020 жылға дейінгі кезеңдегі даму стратегиясының орталық элементі. Мұндай негіз қалаушы принципті Елбасы «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында көрсетілген болатын. Нақты осы инновациялық индустрияландыру мен инновациялық адам капиталын дамыту еліміздің болашақта жетістіктерге жетуді қамтамасыз ететін шешуші факторға айналуы керек. Президент жаңа онжылдықта инновацияларды жылжытуда нақты міндеттерді қойды. Ол өз кезегінде Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттырады және оны жаңа әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне жеткізеді.

Экономиканы жетілдіру және жаңғыртудың шетелдік экономикалық тәжірибесі ғылыми қорытындылау күн тәртібіне келесі мәселелерді қойып отыр: бұл тәжірибе Қазақстан экономикасының жағдайына қаншалықты қолайлы және оны енгізуге бола ма, әлде нарыққа ету кезінде Қазақстан үшін экономиканы жаңаша арнаға салудың өзіндік моделі болуға тиіс пе? Шетелдік тәжірибелерге сүйену үшін оны толығымен қарастырып, тиімді жағын және басқа да факторларды ескере отырып мемлекетке қай модель келе алатынын алдын ала ескеру керек. Қазіргі заманғы экономикалық және қаржылық дағдарыс жағдаяттық емес, құрылымдық сипатқа ие. Француздық мамандар есебі бойынша, егер ғылым мен білімді қаржыландыру қысқа мерзімді экономиканың тұрақтануынан кейінгі

мемлекеттік басымдығының екінші жоспарына етсе, онда Франция үшін қолайсыз жағдайлардың орын алуының дамуы айтарлықтай ұлғаяды.

Бүгінгі таңда Қазақстанды әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикадағы мемлекет ретінде мойындап отырғанын атап өту керек, ол ТМД елдерінің ішінде бірінші болып инвестициялық ел ретінде танылды. Тек жаңа технологиялар ғана Қазақстанның өндірістік саласының тұрақты дамуына және ел экономикасының әлемдік экономикалық жүйеге интеграциялануына мүмкіндік береді. Экономикалық өсу, ЖҰӨ-дегі шикізатты көп қажет ететін өнімді жоғары технологиялық және экспорттауға бағытталған өніммен алмастыру, елдің ғылыми-техникалық әлеуетін тиімді түрде пайдалану “Қазақстан-2030” стратегиясының маңызды мәселелерінің бірі [2].

Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, шикізат ресурстарына бай кейбір дамушы елдер тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізбей, шикізаттың әлемдік тауар рыноктарында жағдайдың өзгерістеріне тым тәуелді болып қала береді.

Экономиканың шикізат секторларынан едәуір табысқа ие болып, мемлекет пен жеке сектор экономиканың жаңа салаларын дамытуға ынталанбайды. Экономиканың мұндай тиімсіз дамуын қамтамасыз ететін дамудың шикізаттық бағытынан арылудың бірден-бір жолы еліміздің индустриялы-инновация дамуға бет алуы болып табылады. Ол үшін еліміз жүйелі түрде инновациялық саясаттарды жүзеге асырып, оның негізгі бағыттарын анықтауы керек.

Индустриялық саясат дегеніміз мемлекеттің бәсекеге түсуге қабілетті және тиімді ұлттық өнеркәсіпті қалыптастыру үшін кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасауға және қолдау көрсетуге бағытталған шаралар кешенін білдіреді. Мақсатты бағытталған әрекеттер және тиісті экономикалық жағдайларды жасау, өз кезегінде, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті болып табылатын, ғылыми және жоғары технологиялық өнімдерді шығаратын салалардың, республикада дамуына жағдай туғыза алады [3].

Қорытындылай келе, индустриялық-инновациялық саясатты жүзеге асыруда келесідей шараларды атқаруымыз керек:

- елдегі инновациялық күштерді қалыптастыру және нығайту;
- мемлекеттік мекемелердің қызметін индустриялық-инновациялық дамудың мақсаттарына сәйкес қайта құру. Бұл – білім, ғылым, қаржы фискальдық және тарифтік саясатты жетілдіруді қажет етеді;
- индустриялы-инновациялық дамуды халық арасында насихаттау;
- отандық өнімдердің халықаралық рыноктарда бәсеке қабілеттілігін арттыру үшін әлемдік стандарттар мен сертификаттарға көшу;
- инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету, шағын инновациялық бизнесті ынталандыру.

Әрине дамыған елдер қатарына қосылу үшін сол елдердің даму жолын зерттеп, олардың ұлттық экономикамызға тиімді жақтарын ала білуіміз қажет. Біздің елімізге әсіресе Оңтүстік Азияның бірнеше жаңа индустриялы елдерінің ұстанған саясаты ыңғайлы болып отыр. Яғни “Азия айдаһары мен жолбарысы” атанған елдер қысқа мерзімді аралықта индустриялы-инновациялы саясатты тиімді жүргізу арқылы үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Яғни, инновация – экономикалық өсуде негізгі қозғаушы күш болмақ.

#### Әдебиет:

1. Н. Ә. Назарбаев. «Қуатты Қазақстанды бірге құрамыз!» атты форум// "Егемен Қазақстан" газеті, 5 шілде 2011 жыл
2. [www.primeminister.kz](http://www.primeminister.kz)
3. СабденОразалы. Экономика. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Экономика институты, -2009 ж.-304 б.